



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

04 мамыр 2023 жыл

### **KASE 30 жылдық мерейтойына орай аллея салу рәсімін салтанатты түрде өткізді**

2023 жылғы 04 мамырда "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 30 жылдық мерейтойына орай Астана қаласының әкімдігімен және "Тұрақты даму" Жер қорымен бірлесіп Қазақстан Республикасы астанасының Президенттік саябағында KASE аллеясын салудың салтанатты рәсімін өткізді.

"Қазақстан қор биржасы биыл өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Біздің мерейтойымызға орай, сондай-ақ орнықты даму саясатымыз және бизнесті тұрақты жүргізу стандарттарын ілгерілету шеңберінде біз елордамыз - Астана қаласының дамуына өз үлесімізді қосқымыз келеді және әдемі ұзақ өмір сүретін, ағаштардың ең көне түрлерінің бірі – сақураның 100 көшетін отырғызғымыз келеді. KASE аллеясын салу елордамыздың, еліміздің және Ұлттық биржамыздың әл-ауқаты мен өркендеуінің символына айналсын", – деп атап өтті KASE Басқарма Төрайымы Алина Алдамбергген.

KASE аллеясын салудың салтанатты рәсімінде негізгі спикерлер ретінде: KASE Басқарушы директоры Еркін Сыздықов, Астана қаласы әкімдігінің Инвестициялар және кәсіпкерлік басқармасының басшысы Халел Акимжанов, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті Директорының орынбасары Иван Сердюк, "Тұрақты даму" Жер қоры Төралқасының Төрайымы Динара Сәдуақасова сөз сөйледі.

Қазақстан қор биржасы - бұл елдің қор, валюта, ақша және деривативтер секілді 4 биржалық нарығына қызмет көрсететін көпфункционалды сауда алаңы.

Отандық эмитенттердің қаржыландыруын тарту үшін қаржы құралдарының кең спектрін құру, елдің қаржы жүйесіндегі өтімділікті қайта бөлу мен жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін айқындық пен қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған тұғырнаманың тиімді жұмысы есебінен Қазақстан экономикасының өсуіне жәрдемдесу Биржаның миссиясы болып табылады.

Биржа инновация, жауапкершілік, ашықтық және еліміздің болашағына қамқорлық сияқты жоғары стандарттар мен корпоративтік құндылықтарды ұстанады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі қалыптасқан күннен бастап 30 жыл бойы қазақстандық биржалық нарық үздіксіз өсіп, дамыды. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ, ҚР Ұлттық Банкінің ноталарымен, корпоративтік эмитенттердің облигацияларымен сауда-саттық дәйекті түрде басталды, 10-нан астам IPO өткізілді.

Өткен жылы KASE-де сауда-саттықтың жиынтық көлемі 50%-ға ұлғайып, 261,6 трлн теңгеге жетті. 2023 жылдың алғашқы 4 айында Биржадағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 15%-ға өсіп, 98 трлн теңгені құрады.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және

отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.